

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**


«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ
Басқармасының
2024 жылғы 26.02 ақпандағы
№ 8 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛДІ

ҚАҒИДА

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЛИНИКАЛАРЫ/ОРТАЛЫҚТАРЫ,
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ БОС ЛАУАЗЫМДАРЫНА
КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ТУРАЛЫ**

Коды	Басылым	Әзірледі	Келісілді	Қолы	Күні
Е БҚМУ 04-21	Екінші	Р.Б.Валиахметова  <u>21.02.2024</u> ж.	Е.Ш. Жиеналин		<u>23.02.24</u>
			А.Н. Урумбаева		<u>21.02.24</u>

Ақтөбе, 2024

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 2-беті

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ


- 1.1. Осы Қағида Университет пен әкімшілік-басқару персоналы және өзге де қызметкерлер қатарындағы қызметкерлер арасында конкурстық іріктеу және еңбек шарттарын жасасу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Осы Қағиданың талаптары Университеттің штат кестесінде көзделген «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ медициналық клиникалар/орталықтар бөлімшелерінің, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен меңгерушілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасуға (бұдан әрі - Қағида) қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 2.1. Осы Қағида келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:
 - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
 - «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығы;
 - «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығы.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 3.1. Осы Қағида «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті» КеАҚ медициналық клиникалар/орталықтар басшылары мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу (бұдан әрі - Қағида) тәртібін айқындайды.
- 3.2. Конкурсты өткізудің негізгі мақсаты жоғары кәсіби кадрлар құрамын қалыптастыру және кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша жұмысты жетілдіру, біліктілік талаптарына сәйкес келетін бос лауазымдарға орналасу үшін неғұрлым қолайлы кандидаттарды іріктеу болып табылады.
- 3.3. Медициналық клиникалар/орталықтар жетекшілері мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдарына орналасу конкурсына «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) жұмыс жасайтын және жасмайтын, осы Қағидада белгіленген мерзімде тиісті конкурстық құжаттамаларды тапсырған тұлғалар жіберіледі.
- 3.4. Конкурс бос лауазым болған кезде өткізіледі.
- 3.5. Медициналық клиникалар/орталықтар, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің лауазымына Медицина орталығының жетекшісі, Отбасылық медицина клиникасының бас дәрігері, Стоматологиялық клиниканың жетекшісі, Медицина орталығы жетекшісінің орынбасары, Отбасылық медицина клиникасы бас дәрігерінің орынбасары, медициналық орталық және медициналық клиникалар бөлімшелерінің меңгерушілері, департамент және бөлім жетекшілері, бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары, Медицина орталығы мен медициналық клиникалар бөлімшелерінің меңгерушілері жатады.
- 3.6. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:
 - 1) конкурсқа қатысу үшін бірдей теңдік мүмкіндігін беру;
 - 2) конкурсқа қатысушылардың арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 3-беті

3) конкурсқа қатысушылардың арасында айқындылықты, меритократия қағидаттарын және әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

4) конкурсты өткізуде әділдік пен айқындылықтың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

5) конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;

6) меритократия қағидаттарын сақтау болып табылады.

3.7. Конкурсқа медициналық клиникалар/орталықтар жетекшілері мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, осы Қағидада белгіленген мерзімде тиісті конкурстық құжаттамаларды тапсырған тұлғалар жіберіледі.

3.8. Конкурсқа қатысуға:

1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде тіркеуде тұрғандар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шектеулер негізінде;

4) осы Қағиданың 5.1. тармағында қарастырылған құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған тұлғалар жіберілмейді.

3.9. Медициналық клиникалар/орталықтар жетекшілері мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдарына орналасу конкурсы профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияға (бұдан әрі – конкурстық комиссия) жүктеледі.

3.10. Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

4. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

4.1. АРБД-ті медициналық клиникалар/орталықтар жетекшілері мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдары болған жағдайда, конкурс өткізу туралы шешім қабылдау үшін университет Басқарма Төрағасы-Ректордың атына қызметтік жазбаға бастамашылық жасайды.

4.2. Басқарма Төрағасы-Ректор конкурс өткізу туралы шешім қабылдаған кезде құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын университеттің <https://zkmu.edu.kz/ru> / ресми интернет-сайтында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

4.3. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) негізгі функционалдық міндеттерін, еңбек ақы көлемі мен шарттарын белгілей отырып, бос лауазымдардың атауы;

2) лауазымның біліктілік талаптарымен анықталатын конкурс қатысушысына қойылатын негізгі талаптар;

3) конкурсқа қатысуға арналған құжаттар тізбесі;


4) конкурсты өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланымынан кейінгі келесі жұмыс күнінен есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімі;

5) орналасқан жері, поштаның мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайын көрсете отырып, университеттің атауы.

4.4. Құжаттар университеттің ресми интернет-сайтында хабарландыру жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырылуы тиіс.

5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

5.1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген тұлғалар конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш (А-қосымша) жазады. Өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:


	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 4-беті

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 2) жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;
 - 3) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
 - 4) маман сертификатының/клиникалық қызметке рұқсат қағаздың және құрылымдық бөлімшенің бейіні бойынша дәрігерлік санаты туралы сертификатының көшірмесі;
 - 5) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда). Университет жұмыскерлері үшін ғылыми еңбектердің тізімін ғылыми хатшы куәландырады;
 - 6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген №075/у нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);
 - 7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);
 - 8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).
 - 9) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурса қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.**
- 10) Конкурса қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне, тілдерді білуіне (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар, сертификаттар, дипломдар және т.б.) қатысты қосымша ақпарат беруге құқылы.
 - 11) университетте жұмыс жасайтын тұлғалар жоғарыда тұрған басшылықтың мінездемесін қоса тіркейді.
- 5.2. Медицина орталығының жетекшісі, Отбасылық медицина клиникасының бас дәрігері, Стоматологиялық клиника жетекшісінің бос лауазымына орналасу конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалар осы құрылымдық бөлімшені дамытуға өзінің ойлары туралы қосымша презентация әзірлеулері қажет.
 - 5.3. Конкурстық комиссия хатшысы конкурса қатысушылардың құжаттарын қабылдайды, бос лауазымдарға конкурстық орналасу жөніндегі құжаттарды тіркеу журналына (Б-қосымша) тіркейді.


6. КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) құрылымдық бөлімше жетекшілерінің бос лауазымдарына орналасу үшін үміткерлердің өтінімдерін қарастыру;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 5-беті


- 2) осы Қағиданың 3.2 – тармағында қарастырылған лауазымдардың санаты үшін құрылымдық бөлімшенің стратегиялық даму презентациясы;
- 3) үміткерлер мен әңгімелесу өткізу;
- 4) конкурстың қорытындыларын шығару.
- 6.2. Университеттің медициналық клиникалар/орталықтар жетекшілері мен бөлімшелерінің меңгерушілерінің, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу үшін конкурс үміткерлер қызметінің қорытындыларын жинақтау және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде өткізіледі.
- 6.3. Әңгімелесу өткізілгенге дейін құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін біліктілікті бағалауды жүргізеді.
- 6.4. Конкурсқа қатысушылардың біліктілік талаптарына сәйкес келу мәніне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша комиссия дауыс беру жолымен біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидаттардың тізімін бекіту туралы және (немесе) әңгімелесуге жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 6.5. АРБД-ті кандидаттардың тізімін бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:
- 1) біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушыларды кандидат ретінде бекіту туралы, әңгімелесу өтетін күн, уақыт және орын туралы хабардар етеді. Бұл ретте әңгімелесу өтетін күн кандидаттардың әңгімелесуге келуі үшін қажетті уақытты қамтамасыз етуді ескере отырып белгіленеді;
 - 2) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберуден бас тарту туралы хабардар етеді.
- 6.6. Медицина орталығының жетекшісі, Отбасылық медицина клиникасының бас дәрігері, Стоматологиялық клиника жетекшісінің бос лауазымына үміткер әңгімелесу өткізу кезінде құрылымдық бөлімшені дамытуда өзінің ойымен таныстырады.
- 6.7. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.
- 6.8. Тараптардың келісуі бойынша әңгімелесу бейнебайланыстың қашықтық құралдары арқылы өтеді.
- 6.9. Кандидаттарды бағалау кезінде Комиссия біліктілік талаптарына, тиісті бос лауазымның лауазымдық нұсқаулығына негізделеді.
- 6.10. Комиссия мүшелері өткізілген әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаға В-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидаттарды бағалау парағын толтырады.
- 6.11. Комиссия отырысының қорытындылары бойынша шешім кандидаттың қатысуынсыз ашық дауыс беру жолымен, әр үміткердің тегінің қасындағы тиісті графаға белгі қою арқылы үміткерге өз таңдауын ("келісемін" немесе "келіспеймін") білдіре отырып бір күн ішінде қабылданады. Әр үміткердің тегінің қасындағы "Келісемін" немесе "келіспеймін" графасының біріне белгі қойылмаған немесе екі графаға да белгі қойылған бюллетень жарамсыз деп танылады (Г-қосымшасы).
- 6.12. Конкурстық комиссия хатшысы толтырылған бюллетеньдердің негізінде дауыс санын есептейді және конкурс материалдарына қосады.
- 6.13. Конкурстық комиссия хатшысы әр кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды.
- 6.14. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс беруге қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып саналады. Конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы Қағиданы сақтау негізінде қабылданған болса, түбегейлі болып табылады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 6-беті

- 6.15. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда үміткер оң қорытындыға ие болады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.16. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез-келген мүшесінің жазбаша түрде баяндалатын, комиссия отырысының хаттамасына қоса берілетін пікірін білдіреді.
- 6.17. Комиссияның шешімі төраға мен комиссия мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
- 6.18. Конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысқан тұлғаларды конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.
- 6.19. Оң қорытынды алған үміткерлердің жеке іс қағаздары кадрларды есепке алу бөліміне тапсырылады. Конкурстан өтпей қалған үміткерлердің жеке іс қағаздары өтінімдері бойынша конкурс қатысушыларына қайтарылады.

7. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер өздеріне қатысы бар бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен таныса алады.
- 7.2. Комиссияның шешіміне конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар сот тәртібімен шағымданады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 7-беті

Қосымша А

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ бос лауазымдарына орналасу үшін
Конкурстық комиссияның Төрағасына

Конкурстық комиссия төрағасының Т.А.Ә

бос лауазымның атауы

уміткердің Т.А.Ә.

тұрғылықты мекенжайы

Тел. _____
жұмыс, үй, ұялы


Өтініш

Мені «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ _____
(лауазымның атауы, құрылымдық бөлімшенің атауы)

бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

« ____ » _____ 20 ____ ж. _____
(күні) (қолы) (Т.А.Ә., қолтаңбаның толық жазылуы)

Н Қ БҚМУ 04-21-01-2024. Өтініш. Екінші басылым.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 8-беті

Қосымша Б


«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 НАО «ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА»

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу
ЖУРНАЛЫ

ЖУРНАЛ
 регистрации документов, представленных для участия в конкурсе

№	Тегі, аты - жөні / Ф.И.О.	Жұмыс орны / Место работы	Атқаратын қызметі / занимаемая должность	Бос лауазым / вакантная должность	Қабылданған құжаттары / Принятые документы	Тіркеу күні / Дата регистрации	Қолы / Подпись

Н Қ БҚМУ 04-21-02-24. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу журналы. Екінші басылым.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 9-беті

Қосымша В


ЖЕТЕКШІ ЛАУАЗЫМҒА КАНДИДАТТАРДЫ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№	Конкурс кандидатының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бос лауазым	Бастапқы бағалау				Әңгімелесудегі бағалау			Жалпы балл
			Білім деңгейі және дәрежесін ің бар болуы*	Кәсіби тәжірибе**	Басқару дағдылары***	Коммуникативтік дағдылар****	Презентация***** (МО, ОМК, Стом. клиникалар басшылары үшін)	Бейіндік сұрақтар*****		
1										
2										
3										
4										
5										

(Конкурстық комиссия мүшесінің қолы) _____ (Конкурстық комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Н Қ БҚМУ 04-05-03-2024. Жетекші лауазымға кандидаттарды бағалау парағы. Екінші басылым.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 10-беті

ЕСКЕРТУ:

*** Білім деңгейі растайтын құжаттар бойынша бағаланады:**

- 1 балл** – жоғары білім;
- 2 балл** – екі жоғары білім;
- 3 балл** – жоғары білім + магистратура;

**** Кәсіби тәжірибе растайтын құжаттар бойынша бағаланады:**

- 1 балл** – тиісті кәсіби тәжірибесі 1 жылдан 3 жылға дейін;
- 2 балл** – тиісті кәсіби тәжірибе 3 жылдан 5 жылға дейін;
- 3 балл** – тиісті кәсіби тәжірибесі бес жыл және одан астам.

***** басқару дағдыларын растайтын құжаттар бойынша бағалайды:**

- 1 балл** – басқарушы лауазымдағы еңбек өтілі 5 жылға дейін;
- 2 балл** – басқарушы лауазымдағы еңбек өтілі 5-15 жыл;
- 3 балл** – басқарушы лауазымдағы еңбек өтілі 15 жылдан астам;

****** Коммуникативтік дағдылар:**


- 1 балл** – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, жетекші сұрақтарға әрекет етпейді;
- 2 балл** – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, жетекші сұраққа әрекет етеді;
- 3 балл** – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, кез келген тақырыптағы сұрақтарға оңай жауап береді.

*******Бағдарламаны бағалау параметрлері (МО, ОМК, Стом. клиникалар басшылары үшін.)**

- 1 балл** – кандидат эссе тақырыбын жартылай ашты (тиісті сала туралы жалпы білімі және түсінігі бар);
- 2 балл** – кандидат эссе тақырыбын жақсы ашты (тиісті сала туралы ауқымды білімі және түсінігі, дербес және критикалық талдаудың өте жақсы деңгейі бар);
- 3 балл** – кандидат эссе тақырыбын толығымен ашты (тиісті сала туралы терең білімі және түсінігі, дербес және критикалық талдаудың жоғары деңгейі бар, саланы жетілдіру бойынша шараларды ұсынады).

******* Бейіндік сұрақтар**

0 ден 5 балға дейін қойылады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 21.02.2024	Басылым: екінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ медициналық клиникалары/орталықтары, құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің бос лауазымдарына конкурстық орналасу туралы қағида	Қ БҚМУ 04-21	13-беттің 11-беті

Қосымша Г

Қызметтік лауазым орынын ауыстыру жөніндегі дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ

БЮЛЛЕТЕНЬ

для голосования по конкурсному замещению вакантных должностей

_____ . 20__ г

№	Тегі, аты, әкесінің аты / Ф.И.О.	Бос лауазым / вакантная должность	Дауыс беру нәтижесі / Результат голосования		
			Келісемін / согласен		келіспеймін / не согласен
1			Келісемін / согласен		келіспеймін / не согласен
2			Келісемін / согласен		келіспеймін / не согласен

_____ Қолының толық жазылуы /Расшифровка подписи
қолы / подпись

Н Қ БҚМУ 04-21-04-2024. Қызметтік лауазым орынын ауыстыру жөніндегі дауыс беру бюллетені.
Екінші басылым.

